

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округі 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 11/180 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 1 наурыздағы № 14/216 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Явленка ауылдық округінің 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 11/180 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 793 029 мың теңге:

салықтық түсімдер - 231 186 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 1 398 мың теңге;

трансферттердің түсімдері - 560 445 мың теңге;

2) шығындар - 823 746,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) сальдо қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 30 717,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 30 717,9 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 30 717,6 мың теңге.";

1-1 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-1. Явленка ауылдық округінің 2024 жылға арналған бюджетінде қаржы жылының басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен аудандық бюджеттен 2023 қаржы жылында 0,3 мың теңге сомасында бөлінген пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару 4-қосымшаға сәйкес қарастырылсын.";

1-2 тармағымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-2. Явленка ауылдық округінің бюджетінде қаржы жылының басына қалыптасқан қаражаттың бос қалдықтары есебінен шығыстар 4-қосымшаға сәйкес қарастырылсын.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Явленка ауылдық округінің 2024 жылға арналған бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер түсімі көзделсін, соның ішінде:

Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің Явленка ауылындағы ауылішілік жолдарды орташа жөндеуге;

Есіл ауданының Явленка ауылындағы "Есіл ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ көпфункционалды спорт ғимаратын күрделі жөндеуге және аумағын абаттандыруға;

Есіл ауданының елді мекендерінен қар шығаруға.

Облыстық бюджеттен берілетін көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу " Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округі әкімінің шешімімен анықталады.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған шешім осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының төрағасы*

Е. Тұтқышев

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2024 жылғы 1 наурыздағы
№ 14/216 шешіміне
1-қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 11/180 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2024 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	793 029
1			Салықтық түсімдер	231 186
	01		Табыс салығы	212 290
		2	Жеке табыс салығы	212 290
	04		Меншікке салынатын салықтар	18 816
		1	Мүлікке салынатын салықтар	876
		3	Жер салығы	476
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	16 521
		5	Бірыңғай жер салығы	943
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	80
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер	80
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 398
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 398
		1	Жерді сату	1 398
4			Трансферттердің түсімдері	560 445
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	560 445
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	560 445
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)

			2) Шығындар	823 746,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	394 370
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	394 370
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	94 370
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300 000
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	117 159
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	117 159
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	29 000
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 000
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	250
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	84 909
12			Көлік және коммуникация	312 217,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	312 217,6
		013	Жолдарды ағымдағы күтіп-ұстауға	66 217,6
			Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда,	

		045	кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	246 000
15			Трансферттер	0,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша Сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 30 717,9
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(30 717,9
7			Қарыздардың түсуі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	30 717,9

01		Бюджет қаражаты қалдықтары	30 717,9
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	30 717,9

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2024 жылғы 1 наурыздағы
№ 14/216 шешіміне
2-қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 11/180 шешіміне
4-қосымша

2024 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтарын бағыттау

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
12			Көлік және коммуникация	30 717,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30 717,6
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	30 717,6
15			Трансферттер	0,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3
			Барлығы:	30 717,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК